

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттердің күшін жою және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1343 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 24 қыркүйекте № 17416 болып тіркелді.

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттердің күшін жою және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

М. Бекетаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 29 тамыздағы
№ 1343 бұйрығымен
бекітілген

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттердің күшін жою және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 30.04.2020 № 19 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер.

1. Осы Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттердің күшін жою және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң), "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мемқызметтер туралы заң) сәйкес әзірленген және Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын беру, патенттердің күшін жою және қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатуды, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) бюллетень – селекциялық жетістіктердің мәселелерін қорғау бойынша мерзімді ресми баспа;
- 2) ДЗМУ – Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы;
- 3) ИНИД – библиографиялық деректерді сәйкестендірудің халықаралық кодтары;
- 4) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі – патент берілген сұрып пен тұқым түрлері енгізілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік тізіліміндегі қорғалатын өсімдіктер сұрыптары және Қазақстан Республикасы мемлекеттік тізіліміндегі қорғалатын жануарлар тұқымы тізілімі;
- 5) Мемлекеттік комиссия – ауыл шаруашылығы дақылдарының сұрыптарын сынақтан өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның тұқымдарды сынақтан өткізу және сапасын анықтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы;
- 6) патенттік сенім білдірілген өкілдер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдында жеке және заңды тұлғаларға өкілдік етуге құқық берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

7) селекциялық жетістік – патент берілген, адамның шығармашылық еңбегінің нәтижесінде пайда болған өсімдіктің жаңа сұрыбы мен жануарлардың жаңа тұқымы.

8) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін білдіретін цифрлық жүйе;

9) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЦҮТШ) – өтеулі қызметтер көрсету шеңберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процестерін автоматтандыратын цифрлық объект;

10) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Қазақстан Республикасының селекциялық жетістіктерін мемлекеттік тізілімде тіркеу

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) патент беру туралы шешімі негізінде және мемлекеттік комиссияның қорғау құжатын беру туралы шешімі негізінде көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды патент беруге дайындау және жариялау қызметі үшін төлем жасалғанын растайтын құжатты ұсынған жағдайда Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне мәлімет енгізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Селекциялық жетістіктерді мемлекеттік тізілімге тіркеу кезінде мынадай мәліметтер енгізіледі:

- 1) патенттің нөмірі;
- 2) құжат түрінің сөздік белгісі;
- 3) тіркеу нөмірі және өтініш беру күні;
- 4) патенттің жарияланған күні;

5) егер өтінім бойынша көрсетілетін қызметті берушіге берген күннен өтінім бойынша өнертабыстың неғұрлым ертерек басымдығы анықталған болса, алғашқы

өтінім берілген елдің (ДЗМҰ ST.3 стандартына сәйкес) нөмірі, берген күні және коды (ол бойынша қосымша материалдар түскен күні);

6) автордың (авторлардың) А.Т.Ә. (болған жағдайда) және ДЗМҰ ST.3 стандартына сәйкес оның тұрғылықты елінің (орналасқан елінің) коды (кодтары);

7) А.Т.Ә. (болған жағдайда) немесе патент иеленушінің атауы, ДЗМҰ ST.3 стандарттарына сәйкес оның тұрғылықты елінің (орналасқан елдің) коды (кодтары);

8) селекциялық жетістіктің атауы (өсімдік пен жануардың түрі, сұрыбы, сұрып пен тұқымның аталуы);

9) патенттік сенім білдірілген өкіл немесе басқа өкіл туралы мәлімет.

3-тарау. Қорғау құжатын беру тәртібі

5. "Селекциялық жетістікке қорғау құжатын беру" мемлекеттік қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетілетін қызметті берушімен көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы қағидалардың 1-қосымшасындағы "Селекциялық жетістікке қорғау құжатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің (бұдан әрі – тізбе) 8-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарымен осы қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтінішті көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жолдайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 21.10.2022 № 876 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі тізбеде келтірілген.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" цифрлық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген банктік реквизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 21.10.2022 № 876 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен

8. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі енгізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған немесе осы қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсете отырып, хабарлама жібереді.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды сәйкес келтіру мерзімі көрсетілетін қызметті беруші хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Егер хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы оны талаптарға сәйкес келтірмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас тартуды жібереді.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.

Тексеру және тиісті құжаттарға ақы төлеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама дайындайды және осы қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші рұқсатын немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 30.06.2021 № 550 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

Ескерту. 3-тарау 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

Ескерту. 3-тарау 8-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 7-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 3-тарау 8-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.

Ескерту. 3-тарау 8-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Патент осы қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі.

Атына патент сұратылып отырған бірнеше адам болған жағдайда Заңның 13-бабына сәйкес оларға бір патент беріледі.

10. Патент иеленуші болып табылмайтын селекциялық жетістіктің авторына осы қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша оның авторлығын растайтын куәлік беріледі.

Автор куәлігі өтінім берушіге патент беруге арналған өтінімде көрсетілген селекциялық жетістіктің әрбір авторы үшін автор куәлігін беруді дайындау жөніндегі көрсетілетін қызметті берушінің қызмет ақысын растау кезінде беріледі. Патент және автор (лар) куәліктері жиынтықта өтініш берушіге жіберіледі.

11. Егер патент беру туралы өтінішті Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе тұрған бірнеше адам бірлесіп берсе, онда патент пен авторлардың куәлігі Қазақстан Республикасының аумағында тұратын немесе тұрған бірінші көрсетілген патент иеленушіге беріледі.

12. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Мемқызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетудің мониторингі цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген).

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Қорғау құжатының телнұсқасын беру тәртібі

13. Патент (автор куәлігі) түпнұсқасы жоғалған немесе жарамсыз болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші олардың телнұсқасын береді.

14. Қорғау құжатының телнұсқасын беруді көрсетілетін қызметті беруші көрсетеді.

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) портал арқылы осы қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өтінішхат жолдайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 21.10.2022 № 876 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі тізбеде келтірілген.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" цифрлық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы банктік реквизиттер бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранысты қабылдау күйі автоматты түрде "жеке кабинетте" көрсетіледі.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 21.10.2022 № 876 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

17. Мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтінішке көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәтте автоматты түрде тіркеу нөмірі енгізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылдау мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған немесе осы қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсете отырып, хабарлама жібереді.

Хабарламада көрсетілген құжаттарды сәйкес келтіру мерзімі көрсетілетін қызметті беруші хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Егер хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы оны талаптарға сәйкес келтірмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас тартуды жібереді.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.

Тексеру және тиісті құжаттарға ақы төлеу нәтижелері бойынша, сондай-ақ бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама дайындайды және осы қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші рұқсатын немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 30.06.2021 № 550 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); қзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

18. Телнұсқа онда көрсетілген мәліметтердің құрамы бойынша берілген патенттің түпнұсқасына сәйкес келеді, онымен бірдей заңды күші бар және қазақ, орыс тілдерінде "Телнұсқа" деген мөртаңба қойылып, тиісті патент нысаны бойынша беріледі.

Телнұсқа берілген жағдайда телнұсқа беру туралы мәліметтер бюллетеньде жарияланған күннен бастап қорғау құжатының түпнұсқасы заңды күші жоқ деп есептеледі.

19. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілетін қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Мемқызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен

бекітілген "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетудің мониторингі цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген).

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, шағымды қарайтын орган жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасаған лауазымды тұлғаға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді немесе әкімшілік әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарайтын органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 30.06.2021 № 550 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

6-тарау. Патентті күшінде ұстап тұру

22. Заңның 14-бабының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес патент иеленуші жыл сайын патентті күшінде ұстау үшін өтінім берілген күнге сәйкес келетін күнге ақы төлейді. Көрсетілетін қызметті беруші патент берілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде патент иеленушіге осы қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорғау құжатын күшінде ұстау жөнінде хабарлама жібереді.

23. Қорғау құжатын күшінде ұстап тұру үшін алғашқы төлем қорғау құжатын беру туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде жүргізіледі және өтінім берілген күннен бастап алдындағы жылдар үшін төлемді қамтиды.

Қорғау құжатын күшінде ұстау үшін оның қолданылатын әрбір келесі жылы үшін ақы төлеу қорғау құжаты қолданылатын ағымдағы жыл ішінде жүргізіледі.

24. Қорғау құжатын күшінде ұстау үшін төлем жүргізілгеннен кейін патент иеленуші немесе өкіл көрсетілетін қызметті берушіге төлем құжаттарының көшірмелерін ұсынуы қажет.

Көрсетілетін қызметті беруші төлем туралы құжат болған жағдайда қорғау құжатын келесі жылға күшінде ұстау туралы Мемлекеттік тізілімдерге мәліметтерді енгізеді.

Белгіленген мерзімнен кейін ақысы төленген жағдайда өнеркәсіптік меншік сақтау құқықтар қорғауға қарастырылған баж төлеу туралы Париж конвенциясының (bis) 5 бабы (1) тармағына сәйкес қосымша баж төлеген жағдайда мерзімнен өту күнінен басталып алты айды құрайтын жеңілдетілген төлем мерзімі ұсынылады. Осы жағдайда төлем көлемі белгіленген бағадан 50 пайызға жоғары болады.

7-тарау. Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімдеріне өзгерістер енгізу

25. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік тізілімге патенттің құқықтық мәртебесінің келесі өзгерістері туралы мәліметтерді оны апелляциялық кеңестің, сот органдарының шешімдері, уәкілетті органның хабарламалары және патент иеленушілердің (олардың құқықтық мирасқорларының немесе өкілдерінің) ұсыныстарымен:

- 1) Мемлекеттік тізілімнің жазбаларындағы қателерді түзету туралы;
- 2) тіркелген құқық беру туралы, тіркелген құқықты ұсыну туралы;
- 3) тіркелген құқықты беруге тіркелген құқықты ұсынуға қатысты келесі өзгерістер туралы;
- 4) патентті толық немесе ішінара жарамсыз деп тануға байланысты оның күшін жою туралы;

- 5) патент иеленушінің ұсынысы бойынша патенттің қолданылуын тоқтату туралы;
- 6) белгіленген мерзімде төлем жүргізілмеген кезде патенттің қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы;
- 7) патент иеленушінің атауына және оның мекенжайына өзгерістер енгізу туралы;
- 8) патент иеленуші өкілінің өзгеруі туралы;
- 9) хат алмасу үшін мекенжайдың өзгеруі туралы;
- 10) автордың, патент иеленушінің - жеке тұлғаның аты-жөнін, әкесінің аты, (бар болған жағдайда) және /немесе тұрғылықты жерінің мекенжайын, патент иесінің хат-хабар алмасу үшін мекенжайы өзгеру туралы;
- 11) әртүрлілік сұрып, тұқым бойынша авторлық туралы енгізеді.

26. Өзгерістер патент иеленушінің (құқық мирасқордың) немесе патент иесінің сенімхаты бойынша әрекет ететін өкілінің сараптама жасау ұйымына тиісті өзгерістерді енгізу туралы ұсыныс хатты беруі арқылы енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы бойынша болған әкімшілік - аумақтық бірліктер атауларының, қалалардың, облыстардың, аудандардың атауларының, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша болған елді мекендердің құрамдас бөліктері атауларының өзгерістері өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 15.06.2021 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Өтінішхат қазақ немесе орыс тілінде беріледі.

Өтініш хатқа патент иеленуші немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкіл қол қояды (егер патент иеленушілер бірнеше адамдар тобы болса, өтінішхатқа аталған топқа кіретін барлық адамдар қол қояды).

Өтініш хатқа мыналар қоса беріледі:

- 1) тиісті өзгерісті растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 2) өзгерістерді енгізу үшін төлемді растайтын құжат;
- 3) сенімхатпен (егер өтінішхат өкіл арқылы берілетін болса) сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішхат патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы берілетін болса).

Өтініш хат және оған қоса берілетін құжаттар олардың көрсетілетін қызметті беруші келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаралады.

28. Патент иеленушінің (патент иеленушілердің) атауына заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруға байланысты өзгерістер енгізген кезде құқық мирасқоры өтінішхат береді және тиісті өзгерістерді растайтын құжаттар ұсынылады.

29. Авторлар құрамына өзгерістер сот шешімі негізінде енгізіледі. Қорғау құжатында көрсетілген авторды құрамға енгізу немесе құрамнан шығару авторлар құрамының өзгеруі деп танылады.

Авторлар құрамына өзгерістер қорғау құжатының нөмірі, енгізілетін немесе шығарылатын автордың тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрғылықты жерінің мекенжайы көрсетіле отырып, авторлар құрамына тиісті өзгерістер енгізу туралы еркін нысанда өтініш беру арқылы сот шешімінің негізінде енгізіледі.

Өтініш хатқа қоса беріледі:

- 1) сот шешімінің көшірмесі;
- 2) өзгеріс енгізуге төлемді растайтын құжат
- 3) сенімхаттың көшірмесі (егер өтініш патенттік сенім білдірілген өкіл немесе өзге өкіл арқылы берілсе).

Өтінішхат және қоса берілген қосымша құжаттар көрсетілетін қызметті беруші келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

30. Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші сұрау салу жіберілген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті берушіге қажетті құжаттарды ұсынуы қажет. Тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда өзгерістер енгізілмейді, бұл туралы өтініш берген тұлға хабардар етіледі.

Өзгерістер енгізілген кезде тиісті мәліметтер мемлекеттік тізілімге енгізіледі, бюллетеньде жарияланады (патент иеленушінің мекен-жайы, хат алмасу үшін мекен-жайы мен өкілінен басқа) және патент иеленушінің мекен-жайына осы қағидалардың 12, 13-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша хабарлама жіберіледі.

8-тарау. Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімін ұзарту

31. Патент иеленуші Заңның 3-бабының 5-тармағына сәйкес селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш жасауға құқылы.

Селекциялық жетістікке патенттің қолданылуының мерзімін ұзарту туралы өтініш хат (бұдан әрі – өтінішхат) көрсетілетін қызметті беруші оның соңғы қолданылу жылы бойы күшінде ұстап тұрған жағдайда (өсімдік сұрыптарына – патенттің 25 жыл қолданылуына, жануарлар тұқымдарына – патенттің 30 жыл қолданылуына, жүзім сұрыптарына, декоративтік ағаш түрлерінің, жеміс және орман дақылдарына – патенттің 35 жыл қолданылуына) осы қағиданың 14-қосымшасына сәйкес нысанына беріледі.

32. Өтінішхатты патент иеленушісі немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкіл береді.

33. Өтінішхат қазақ немесе орыс тілдерінде беріледі.

34. Өтінішхатқа патентиеленуші қол қояды (егер патент иеленуші болып тұлғалар тобы саналатын жағдайда, осы топқа кіретін барлық тұлғалар өтінімге қол қояды) немесе патенттік сенім білдіруші, немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өзгеде өкіл қол қояды.

35. Өтініш хатқа қоса беріледі:

1) селекциялық жетістіктер патентінің қолданылу мерзімін ұзартуға және бюллетенде ұзартылғаны туралы мәліметті жариялағаны үшін төлемін растайтын құжаты;

2) сенімхат (егер өтінішхатты өкіл берсе) немесе (егер өтінішхатты патенттік сенім білдіруші берсе) сенімхаттың көшірмесі қоса беріледі.

36. Өтінішхат және оған қоса берілген құжаттар сараптама ұйымына тікелей беріледі немесе пошта арқылы жіберіледі.

37. Өтініш хат және қоса берілген құжаттар сараптама жасау ұйымына келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

38. Осы қағидалардың 33, 35-тармақтарына сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші сұрау салу жіберілген күннен бастап 20 жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті берушіге қажетті құжаттарды ұсынуы қажет. Тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда патенттің қолданылуы ұзартылмайды, бұл туралы өтінішхат берген тұлға хабардар етіледі.

39. Егер өтінімді беру шарттары сақталса селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімі өтінішхатта көрсетілген бірақ 10 жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімінің ұзартылуы туралы мәлімет Қазақстан Республикасының селекциялық жетістіктерінің мемлекеттік тізіліміне енгізіледі және бюллетеннің ең жақын шығарылымында жарияланады.

Патенттің қолданылу мерзімін ұзарту туралы тиісті хабарлама осы қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішхат берушінің атына жіберіледі.

Өтінім, белгіленген мерзімнен кейін төлем берілген жағдайда, Өнеркәсіптік меншік құқықтарын сақтау үшін көзделген баждарды төлеу үшін өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының 5-бабының (bis) (1) тармағына сәйкес қосымша баж төленген жағдайда, мерзім өткен күннен бастап алты айды құрайтын жеңілдікті мерзім беріледі. Бұл ретте төлем мөлшері белгіленген бағаға сәйкес 50 пайызға артады.

9-тарау. Селекциялық жетістікке патенттердің күшін жою және мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі

40. Патенттің бүкіл қолданыста болған мерзімінде оны беруге қарсы наразылық бойынша дау туындауы және жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Патентті жарамсыз деп тану селекциялық жетістіктерге патент беру туралы шешімді жоюды және тиісті мемлекеттік тізілімдегі жазбаның күшін жоюды білдіреді.

Көрсетілетін қызметті беруші жою туралы мәліметтерді үш жұмыс күні ішінде күшін жою туралы мәліметті тиісті мемлекеттік тізіліміне енгізеді және мәліметті бюллетеннің ең жақын шығарылымында жариялайды.

41. Патент қолданысы мерзімінен бұрын:

1) патент иеленушінің өтінішхаты бойынша;

2) патентті күшінде ұстап тұру төлемі белгіленген мерзімде төленбеуіне байланысты тоқтатылады

42. Патент иеленуші берген жазбаша өтініш негізінде (егер патент иеленуші тұлғалар тобы болып табылса, өтінішке барлық тұлғалар қол қояды) қорғау құжатының күші бюллетеньде қорғау құжатының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тиісті мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізеді және патент иеленушінің немесе оның өкілінің атына осы қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес тиісті хабарлама жібереді.

43. Сараптама жасау ұйымы қорғау құжатын күшінде ұстап тұру үшін белгіленген мерзімде төленбеген жасамаған кезде патенттің күші мерзімінен бұрын тоқтатылуы туралы мәліметтерді тиісті Мемлекеттік тізілімге енгізеді және оларды жариялауды жүзеге асырады.

10-тарау. Селекциялық жетістікке патенттің қолданылуын қалпына келтіру

44. Заңның 22-бабының 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша тоқтатылған патенттің қолданылуы патент иесінің өтініші бойынша патентті күшінде ұстау үшін ақы төлеу мерзімі өткен күннен бастап үш жыл ішінде қалпына келтіріледі.

Өтінішхат осы қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша беріледі. Қалпына келтіру туралы өтінішке патенттің қолданылуын қалпына келтіруге құжаттарды дайындағаны үшін және оны күшінде ұстағаны үшін ақы төлеу мерзімі өтіп кеткен қолданылу кезеңінде ақы төленгенін растайтын құжат қоса беріледі.

45. Өтінішхатқа патент иеленуші (егер патент иеленуші тұлғалар тобы болып табылса, өтінішхат аталған топқа кіретін барлық тұлғалар қол қояды) немесе патенттік сенім білдірілген өкіл немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өзге де өкіл қол қояды. Заңды тұлғаның атынан өтінішхатқа ұйымның басшысы немесе оның лауазымын көрсете отырып, осыған уәкілетті өзге тұлға қол қояды.

Өтінішхатқа:

1) патенттің қолданылуын қалпына келтіру бойынша құжаттарды дайындау және жариялау үшін төлемді растайтын құжат;

2) патенттің қолданылуының өткізіп алған жылын ұстап тұрғаны үшін төлемді растайтын құжат;

3) сенімхат (егер өтінішхатты өкіл берсе) немесе сенімхаттың көшірмесі (егер өтінішхат патенттік сенім білдірілген өкіл арқылы берілсе) қоса беріледі.

46. Көрсетілетін қызметті беруші қалпына келтіру туралы өтінішхат берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде патенттің қолданылуын қалпына келтіру туралы мәліметтерді бюллетеньде жариялайды. Жарияланған күні патенттің қолданылуын

қалпына келтіру күні болып табылады. Патент иеленушіге немесе оның өкіліне осы қағидалардың 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша патенттің қолданылу мерзімін қалпына келтіру туралы хабарлама жіберіледі.

47. Осы қағидалардың 45-тармағына сәйкес құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, өтініш беруші сұрау салуды жіберген күннен бастап 20 жұмыс күнінен кешіктірмей қажетті құжаттарды ұсынуы қажет. Тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда патенттің қолданылуы қалпына келтірілмейді, бұл туралы өтінішхат берген тұлға хабардар етіледі.

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді тіркеу және
қорғау құжаттары мен
олардың телнұсқаларын беру,
патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен бұрын
тоқтату қағидаларына
1-қосымша
Нысан

"Селекциялық жетістікке қорғау құжатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы: "Селекциялық жетістікке қорғау құжатын беру"		
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы: (бар болған жағдайда)	жоқ
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған)
		1) қорғау құжатын беру кезінде: мемлекеттік тізілімге селекциялық жетістікке қорғау құжатын беру

5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	туралы мәліметті енгізу, қорғау құжатын беру және берілгені туралы мәліметті енгізуді жариялау немесе негіздер бойынша мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап. 2) қорғау құжатының телнұсқасын беру кезінде: қорғау құжатының телнұсқасын беру немесе негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан төлем мөлшері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері, оның ішінде мемлекеттік қызметтің кіші түрлері (бар болған жағдайда)	"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-2 бабының 2-тармағына сәйкес бекітілетін және уәкілетті органның www.adilet.gov.kz және мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz ресми сайттарында орналастырылған селекциялық жетістіктерді қорғау саласындағы қызметтерге және бағаларға сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 12:00-ден 13:00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8:30-дан 17:30-ға дейін; 2) веб-портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Еңбек кодексіне және Мерекелер туралы заңға сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін, оның ішінде кіші түрлері (бар болған жағдайда) бойынша, көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Қорғау құжатын беру кезінде: 1) осы қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші; 2) сенімхаттың электрондық көшірмесі егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе. Қорғау құжатының телнұсқасын беру кезінде: 1) осы қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінішхаты; 2) сенімхаттың электрондық көшірмесі егер мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш өкіл арқылы берілсе. Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден ЦҮТШ арқылы алады.
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден және оның кіші түрлерін (бар болған жағдайда) көрсетуден бас тарту негіздері	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет	1) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға және бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар; 2) мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпараттық қызметтердің байланыс телефондары уәкілетті органның www.adilet.gov.kz және көрсетілетін қызметті берушінің www.kazpatent.kz интернет-ресурстарында көрсетілген.

Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі селекциялық жетістіктерді тіркеу және қорғау құжаттары мен олардың телнұсқаларын

беру, патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен
бұрын тоқтату қағидаларына
2-қосымша
Нысан

"Селекциялық жетістікке қорғау құжатын беру" мемлекеттік қызметін көрсету туралы ӨТІНІШ

Осымен қағаз жеткізгіште № _____ патентін жолдауды сұраймыз.

Ескертпе:

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі

патентті беруге дайындау және жариялауға төлем туралы құжат

(құжат № және төлем күні)

Х_і

сенімхат (егер өтініш өкіл арқылы берілсе) немесе сенімхат көшірмесі (егер өтініш патенттік сенім білдірген өкіл арқылы берілсе).

Өтініш иесі _____

(ЭЦҚ) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Патенттік сенім білдірген өкіл немесе өзге өкіл

(ЭЦҚ) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді тіркеу және
қорғау құжаттары мен олардың
телнұсқаларын беру, патенттердің
күшін жою
және қолданысын мерзімінен бұрын
тоқтату қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Мемлекеттік баж төлеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің қажетті банк деректемелері

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қабылдаушы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шарушылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы,
Мәңгілік ел даңғылы, 57А ғимараты, тұрғын емес үй-жай 8

БСН: 020940003199

КБЕ: 16

ТБК: 859

Банк атауы, ЖСК, БСК: "Нұрбанк" акционерлік қоғамы
KZ8584905KZ006015415NURSKZKX

"Қазақстанның Халық Банкі" акционерлік қоғамы KZ386010111000288323
HSBKKZKX, KZ366017111000000792 HSBKKZKX

"Bereke Bank" акционерлік қоғамы KZ14914012203KZ0047J SABRKZKA

Астана қаласындағы "ForteBank" акционерлік қоғамының филиалы
KZ1096503F0007611692IRTYKZKA

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді тіркеу және
қорғау құжаттары мен олардың
телнұсқаларын беру, патенттердің
күшін жою
және қолданысын мерзімінен бұрын
тоқтату қағидаларына
4-қосымша
Нысан
Мекенжайы
Мекенжай

"Селекциялық жетістікке қорғау құжатын беру" мемлекеттік қызметін көрсету туралы ХАБАРЛАМА

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының _ бабының _ тармағына сәйкес қорғау құжаттарының берілгені туралы хабарлайды. Беру туралы мәліметтер ____ жылғы № _ бюллетеньде жарияланды.

Қосымша:

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді тіркеу және
қорғау құжаттары мен олардың
телнұсқаларын беру, патенттердің
күшін жою

және қолданысын мерзімінен бұрын
тоқтату қағидаларына
5-қосымша
Нысан
Мекенжайы
Мекенжай

**Өтінішті одан әрі қараудан
ДӘЛЕЛДІ БАС ТARTY**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны _____ байланысты, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас тартылғанын хабарлайды.

Қосымша:


(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді тіркеу және
қорғау құжаттары мен олардың
телнұсқаларын беру, патенттердің
күшін жою
және қолданысын мерзімінен бұрын
тоқтату қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.



Артқы жағы



Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді тіркеу және
қорғау құжаттары мен олардың
телнұсқаларын беру, патенттердің
күшін жою
және қолданысын мерзімінен бұрын
тоқтату қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН

АВТОРДЫҢ КУӘЛІГІ
УДОСТОВЕРЕНИЕ АВТОРА

№

ФИО

және/и

селекциялық жетістік авторы(лары) болып табылатындығы асымен куәландырылады
является(ются) автором(ами) селекционного достижения

(11)

(54)

(73)

«Ұлттық интеллекттік меншік институты» РМК директоры
Директор РТИ «Национальный институт интеллектуальной собственности»
Director of the «National Institute of Intellectual Property» RSE

Артқы жағы



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті «Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМҚ
Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, ғимарат 57А

РГП «Национальный институт интеллектуальной собственности»
Комитета по правам интеллектуальной собственности
Министерства юстиции Республики Казахстан
Город Астана, проспект Мангилик Ел, здание 57А

«National Institute of Intellectual Property» RSE,
Committee on Intellectual Property Rights
of the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan
Astana, 57A Mangilik El Avenue

E-mail: kazpatent@kazpatent.kz
[http:// www.kazpatent.kz](http://www.kazpatent.kz)

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді
тіркеу және қорғау құжаттары
мен олардың телнұсқаларын
беру, патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен
бұрын тоқтату қағидаларына
8-қосымша
Нысан

Селекциялық жетістікке қоғау құжатының телнұсқасын беру туралы ӨТІНІШХАТ

Патент телнұсқасының жоғалуына (жарамсыз болуына) байланысты патенттің № ____
телнұсқасын беруіңізді сұраймын.

Ескерту:

☐
патент көшірмесін дайындауға төлем жасалғандығын растайтын құжат

(құжат № және төлем күні)

☐
сенімхат (егер өтініш өкіл арқылы берілсе) немесе сенімхат көшірмесі
(егер өтініш патенттік сенім білдірген өкіл арқылы берілсе).

Патент иеленуші

(ЭЦҚ) тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда)

Патенттік сенім білдірген өкіл немесе өзге өкіл

(ЭЦҚ) тегі, аты, әкесінің аты (егер болған жағдайда)

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді тіркеу және
қорғау құжаттары мен
олардың телнұсқаларын беру,
патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен бұрын
тоқтату қағидаларына
9-қосымша
Нысан

Селекциялық жетістікке қорғау құжатының телнұсқасын беру туралы ХАБАРЛАМА

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының __ бабының __ тармағына сәйкес телнұсқа берілгені туралы хабарлайды. Беру туралы мәліметтер ____ жылғы № __ бюллетеньде жарияланды.

Қосымша:

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді тіркеу және
қорғау құжаттары мен олардың
телнұсқаларын беру, патенттердің
күшін жою
және қолданысын мерзімінен бұрын
тоқтату қағидаларына
10-қосымша
Нысан
Мекенжайы
Мекенжай

Өтінішті одан әрі қараудан ДӘЛЕЛДІ БАС ТARTУ

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны _____ байланысты, "Мемлекеттік және

әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас тартылғанын хабарлайды.

Қосымша:
(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді
тіркеу және қорғау құжаттары
мен олардың телнұсқаларын
беру, патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен
бұрын тоқтату қағидаларына
11-қосымша
Нысан
УВО-5

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 18.06.2026 № 572 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ _____ от _____ г. (номер счета) (Дата создания) На № _____ от _____ г. (Номер заявки) (Дата подачи)	Адресат
--	---------

Хабарлама / Уведомление об оплате за поддержание охранного документа в силе охранный документ № _____
_____ (Название)

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес қорғау құжатының жарамдылығы оның күші сақталған жағдайда ғана іске асады. Заңның 14-бабының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес патент иеленуші патентті күшінде ұстау үшін жыл сайын ақы төлеп тұруға міндетті. Аталған қорғау құжатының жарамдылығын күшінде сақтау төлемақысы, құжаттың берілуі туралы мәліметтердің жарияланған күнінен бастап екі ай ішінде төленеді және төлемақысының төленгенін растайтын құжаттар ҚР ӘМ ЗМҚК "ҰЗМИ" ШЖҚ РМК жіберіледі. Қорғау құжатының берілуі туралы мәліметтер _____ ж. жарияланды. № _____ қорғау құжатының жарамдылық күшін ұстау үшін төлемақыны _____ ж. дейін төлеуіңіз қажет. 1, 2, 3 жылдарына — _____ теңге x 3 = _____ теңге. Жиыны: _____ теңге. Қорғау құжатын күшінде сақтауға арналған төлемдер өтінім берілген күннен бастап жүргізіледі.	Уведомляем Вас, что охранный документ в соответствии с пунктом 5 Закона Республики Казахстан "Об охране селекционных достижений" (далее – Закон) действует при поддержании его в силе. Согласно подпункта 3) пункта 5 статьи 14 Закона патентообладатель обязан ежегодно производить оплату за поддержание патента в силе. Оплата за поддержание в силе указанного охранного документа производится в течение двух месяцев с даты публикации сведений о его выдаче и документ подтверждающий оплату предоставляется в РГП на ПХВ "НИИС" КИС МЮ РК. Сведения о выдаче данного охранного документа опубликованы _____ г. Для поддержания в силе охранного документа № _____ необходимо произвести оплату до _____ г.: за 1, 2, 3 годы - _____ теңге x 3 = _____ теңге Итого: _____ теңге Оплата за поддержание в силе охранного документа исчисляется со дня даты подачи заявки. В случае оплаты после
---	---

Өнеркәсіптік меншік құқықтарын сақтауға арналған баждарды төлеу үшін Париж конвенциясының 5-бабының (bis) 1-тармағына сәйкес, бекітілген мерзімнен кейінгі төлемдер жағдайында егер осындай баж ұлттық заңнамамен бекітілген болса, қосымша баждарды төлеу шарты кезінде алты айдан кем емес мерзімді құрайтын жеңілдік мерзімі беріледі. Бұл ретте бағасына сәйкес төлем мөлшері 50 пайызға ұлғайтылады. Заңның 22-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес патенттің қолданылуы ақы төлеудің белгіленген мерзімі өткен күннен бастап патентті күшінде ұстаудың белгіленген мерзімінде ақы төленбеген жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады. Мекеменің банк деректемелері:	установленного срока, согласно пункта 1 статьи 5 (bis) Парижской конвенции для уплаты пошлин, предусмотренных для сохранения прав промышленной собственности, предоставляется льготный срок, составляющий не менее шести месяцев, при условии уплаты дополнительной пошлины, если такая пошлина устанавливается национальным законодательством. При этом размер оплаты увеличивается на 50 процентов согласно установленным ценам. При неоплате в установленный срок поддержания патента в силе с даты истечения установленного срока оплаты в соответствии с подпункта 2) пункта 2 статьи 22 Закона действие патента прекращается досрочно. Банковские реквизиты предприятия:
--	---

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді
тіркеу және қорғау құжаттары
мен олардың телнұсқаларын
беру, патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен
бұрын тоқтату қағидаларына
12-қосымша
Нысан

Селекциялық жетістікке қатысты өзгерістер жайлы мәліметтерді Қазақстан Республикасы селекциялық жетістіктер мемлекеттік тізіліміне енгізу туралы ХАБАРЛАМА

Сіздің өтінішіңіз бойынша патентиеленушісінің атауы мынадай болып өзгертілгенін хабарлаймыз: Енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер _____ ж. № ____ "Өнеркәсіп меншігі" ресми бюллетенінде жарияланады.

УВЕДОМЛЕНИЕ

о внесении сведений об изменениях, внесенных в Государственный реестр селекционных достижений Республики Казахстан по патенту

№

Уведомляем, что на основании Вашего ходатайства наименование патентообладателя изменено на следующее: Сведения о внесенных изменениях будут опубликованы в официальном бюллетене "Промышленная собственность" № __, от _____ г.

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді
тіркеу және қорғау құжаттары
мен олардың телнұсқаларын
беру, патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен
бұрын тоқтату қағидаларына
13-қосымша
Нысан

Селекциялық жетістікке қатысты өзгерістер жайлы мәліметтерді Қазақстан Республикасы селекциялық жетістіктер мемлекеттік тізіліміне енгізу туралы ХАБАРЛАМА

№

УВЕДОМЛЕНИЕ

о внесении сведений об изменениях, внесенных в Государственный реестр селекционных достижений Республики Казахстан по патенту

№

Сіздің өтінішіңіз бойынша патентиеленушісінің өкілі/мекенжайы, хат хабарлау мекенжайы мынадай болып өзгертілгенін хабарлаймыз.

Уведомляем, что на основании Вашего ходатайства адрес/представитель, патенто-обладателя, адрес для переписки изменен (о) на следующее.

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді
тіркеу және қорғау құжаттары
мен олардың телнұскаларын
беру, патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен
бұрын тоқтату қағидаларына
14-қосымша
Нысан

Селекциялық жетістіктер патентінің қолданылу мерзімін ұзарту туралы ӨТІНІШХАТ

"Селекциялық жетістіктерін қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 5-тармағына сәйкес селекциялық жетістіктер патентінің қолданылу мерзімін ұзартуды сұраймын

№ _____
(патент нөмірі)

(селекциялық жетістіктің атауы)

Келесі жылдарға:

Ескерту:

☐

патенттің қолданылу мерзімін ұзартуды жариялауға төлем туралы құжат

☐

Патент күшін қолдауға арналған төлемді растайтын құжат _____ жылға
(Заңның 14-бабының 5-тармағы 3) тармақшасына сәйкес)

☐

сенімхат (егер өтініш өкіл арқылы берілсе) немесе сенімхат көшірмесі (егер өтініш патенттік сенім білдірген өкіл арқылы берілсе).

Патент иееленуші

(ЭЦҚ) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Патенттік сенім білдірген өкіл немесе өзге өкіл

(ЭЦҚ) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі

селекциялық жетістіктерді
тіркеу және қорғау құжаттары
мен олардың телнұсқаларын
беру, патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен
бұрын тоқтату қағидаларына

15-қосымша

Нысан

**Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу
мерзімін ұзарту туралы
ХАБАРЛАМА**

№

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 5-тармағына сәйкес патенттің қолданылу мерзімі _____ ж. Дейін ұзартылғандығы туралы хабарлаймыз. Патенттің қолданылу мерзімінің ұзартылғандығы туралы мәліметтер _____ ж. № ____ "Өнеркәсіп меншігі" ресми бюллетенінде жарияланады.

УВЕДОМЛЕНИЕ

**о продлении срока действия патента на
селекционное достижение**

№

Уведомляем, что на основании пункта 5 статьи 3 Закона Республики Казахстан от 13 июля 1999 года "Об охране селекционных достижений" срок действия патента продлен до _____ г. Сведения о продлении срока действия патента будут опубликованы в официальном бюллетене "Промышленная собственность" № __, от _____ г.

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді
тіркеу және қорғау құжаттары
мен олардың телнұсқаларын
беру, патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен
бұрын тоқтату қағидаларына

16-қосымша

Нысан

**Патенттің мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы
ХАБАРЛАМА**

№

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 2-тармағына сәйкес __. __.20_ ж. бастап патенттің қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы хабарлаймыз. Патенттің қолданылу мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы мәліметтер _____ ж. № ____ "Өнеркәсіп меншігі" ресми бюллетенінде жарияланады.

УВЕДОМЛЕНИЕ

о досрочном прекращении срока действия патента

№

Уведомляем, что на основании пункта 2 ст. 22 Закона Республики Казахстан от 13 июля 1999 года "Об охране селекционных достижений" действие патента досрочно прекращено с __. __.20__ г.

Сведения о досрочном прекращении срока действия патента будут опубликованы в официальном бюллетене "Промышленная собственность" № _ от _ . __.20_ года.

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді
тіркеу және қорғау құжаттары
мен олардың телнұсқаларын
беру, патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен
бұрын тоқтату қағидаларына

17-қосымша

Нысан

Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімін қалпына келтіру туралы ӨТІНІШХАТ

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімін қалпына келтіруді сұраймын (өсімдік сұрыбы мен жануарлар тұқымы) №

(патент нөмірі) _____

(селекциялық жетістік атауы)

Патенттің қолданылу күшін ұстауға бекітілген мерзім төмендегі себептермен өткізіліп алынды.

Ескертпелер:

□

Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімін қалпына келтіруге төлем жасалғандығын растайтын құжат

□

сенімхат (егер өтініш өкіл арқылы берілсе) немесе сенімхат көшірмесі (егер өтініш патенттік сенім білдірген өкіл арқылы берілсе).

Патент иеленуші

(ЭЦҚ) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Патенттік сенім білдірген өкіл немесе өзге өкіл

(ЭЦҚ) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізіліміндегі
селекциялық жетістіктерді
тіркеу және қорғау құжаттары
мен олардың телнұскаларын
беру, патенттердің күшін жою
және қолданысын мерзімінен
бұрын тоқтату қағидаларына
18-қосымша
Нысан

Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу
мерзімін қалпына келтіру туралы
ХАБАРЛАМА

№

УВЕДОМЛЕНИЕ

о восстановлении срока действия патента на
селекционное достижение

№

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес патенттің қолданылу мерзімі 20__ жылдың __ бастап қалпына келтірілгендігі туралы хабарлаймыз. Патенттің қолданылу мерзімінің қалпына келтірілгендігі туралы мәліметтер ____ ж. № __ "Өнеркәсіп меншігі" ресми бюллетенінде жарияланады.

Уведомляем, что на основании пункта 1 статьи 21-1 Закона Республики Казахстан от 13 июля 1999 года "Об охране селекционных достижений" срок действия патента восстановлено с __ __ 20__ г. Сведения о продлении срока действия патента будут опубликованы в официальном бюллетене "Промышленная собственность" № __, от ____ г.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК